

Бекітемін: \_\_\_\_\_

Мектеп директоры: К.Л Аманов

« 29 » мамыр 2024ж



**Балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын, бос уақытын мазмұнды  
ұйымдастыру мен сауықтыруға арналған  
«Талдық негізгі орта білім береті мектебі» КММ  
«Жас өркен 2024»  
БАҒДАРЛАМАСЫ**



**Бағдарлама мазмұны**

1. Кіріспе
2. Бағдарлама тұжырымдамасы
3. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері
4. Жаз мезгілінде оқушыларды сауықтыру және бос уақыттарын дұрыс ұйымдастыру түрлері
5. Жазғы сауықтыру лагерінде психологиялық -педагогикалық қызмет көрсету
6. Бағдарламаны іске асыру кезеңдері
7. Бағдарламадан күтілетін нәтижелер

**1. КІРІСПЕ**

Үздіксіз оқу-тәрбие беру жүйесінде білім алушылардың Қазақстан Республикасының азаматтары және ұлттық рухты патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздерін танытуларына, болашақ маман иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау-бүгінгі педагогикалық жүйенің негізгі міндеті саналады. Осы міндетті жүзеге асыруда оқушылардың жазғы демалысын мазмұнды ұйымдастырудың да маңызы зор.

Жазғы демалыс уақыты жыл бойына оқушының ең көп демалатын мерзімі, бос уақыты көп болады. Бірақ барлық ата-ана бірдей балаларының демалысын дұрыс ұйымдастырады деп айту қиын. Жазғы демалыс уақытында баланың жыл бойындағы сабақ оқуынан шаршап қалғандығы білінеді, ол тынығып, күш жинап, денсаулығын нығайтып, шығармашылық жұмыс жасау қабілетін арттырады. Бұл шараларды балалардың күндіз келіп демалатын жазғы сауықтыру лагері іске асырады.

С.Оразалин атындағы ЖОББМ-нің балалар мен жасөспірімдер арасында жазғы сауықтыруды ұйымдастыруда көп жылдардан бері қалыптасып келе жатқан тәжірибесі, өзіндік қолтаңбасы бар.

Жазғы сауықтыру басталғанға дейінгі мерзім ішінде мектеп педагогикалық ұжымында 1-8 сынып оқушыларының (32) жазда бос уақытын дұрыс пайдалы өткізу жөнінде кеңінен даярлық жасау жұмыстары атқарылады

Бұл бағдарламаны даярлауға балалардың жазғы демалысын, бос уақытын дұрыс, пайдалы өткізу, сауықтыруды ұйымдастыруға төмендегідей себептер болды:

- ауыл жағдайында оқушылардың жазда ұйымшылдықпен жақсы тынығуларын ұйымдастыруды балалар мен ата-аналарының сұранысының көп болуына байланысты;
- болашақ жоспарлаудағы қалыптасқан жүйені реттеу қажеттілігінен;
- бүгінгі лагерь жұмысында бұрынғы жылдардағы лагерьдің жұмысымен сабақтастығының сақталуы;
- жұмыс жасаудағы ескі жүйені жаңарту және жаңаша үлгілендіру;

осы бағдарламаның мақсат, міндеттерін іске асыруда жасөспірімдер мен педагогтардың бай тәжірибелі шығармашылық іскерлігін, шама-шарқынша мүмкіндігін кеңінен пайдаланып жұмыс жасау қажеттілігінен.

Бұл бағдарлама бағытына қарай кешенді болып саналады, себебі түрлі жоспарлы қызмет қамтылады, сауықтыру лагерінің жағдайына байланысты сауықтыру, тынығу, дұрыс демалып, тәрбиелеудің түрлі жолдарын қарастырады. Ұзақтық мерзімі бойынша бұл бағдарлама шектеулі мерзімді қамтиды, себебі жазғы сауықтыру айларында іске асырылады. Жазғы алаңда 32 бала болады, онда 7 жастан 14 жасқа дейінгі балаларға жаз айларында тынығуға болады.

Лагерьдің негізгі құрамы — ол мектеп оқушылары. Лагерьге балаларды жинақтағанда аз қамтылған отбасы, толық емес, көп балалы отбасындағы балаларға баса көңіл бөлінеді. Сол сияқты мүгедек балаларға, зейнеткер ата-аналары бар балаларға, қиын жағдайға душар болған балаларға көп көңіл бөлінеді. Тәрбиеленушілердің жұмысы лагерь ауысымында жас шамасына қарай 32 баладан жинақталған топтармен іске асырылады.

Лагерь ауысымының жұмыс ұзақтығы 10 күннен I ауысым:

1 – ауысым: 03.06.2024 – 14.06.2024

Лагерь құрамындағы профилдік отрядтар да маусым айында 1-ауысымда жұмыс жасайды.

Жұмыс мерзімі: 01.06.2024 – 14.06.2024

Бағдарлама төмендегі нормативті-құқықтық құжаттарды ескере отырып даярланған:

- Бала құқығын қорғау БҰҰ Конвенциясы;
- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы»;

Лагерь үнемі жаз мезгілінде жұмыс жасайды. Лагерь балалардың денсаулығын жақсартуға, сауықтыру мәселесі, ой-өрісін дамытып, ойлау қабілеттерін арттыруға, гигиеналық және дене мәдениетін сақтауға; медициналық сақтандыру, спорттық, білім беру, мәдени-демалу қызмет көрсету, күш-қуатын жақсартып, шығармашылықпен жұмыс атқару, азаматтық тәрбие, адамгершілікке, отаншылдыққа баулу, экологияны сақтауға балаларды тәрбиелеу бағдарламасын іске асыруға қолайлы жағдай жасау мақсатында ұйымдастырылған.



## 2. БАҒДАРЛАМА ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Денсаулығы жақсы, орнықты, адамгершілігі мол адам ғана белсенді өмір сүріп, түрлі қиындықтарды жеңіп, қызметінде жақсы табыстарға жетеді. Сол себептен ата-аналар мен педагогтарды денсаулығы мықты, шығармашылық қабілеті зор бала тәрбиелеу мәселесі көп алаңдатады.

Балалардың шығармашылықпен жұмыс атқаруларына, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға педагогикалық ұжым үлкен мән береді.

Балалық шағынан бастап балаға «салауатты өмір сүру» түсінігін бойына сіңіру қажет. Барлық тәрбиеленушілер денсаулық мәселесі маңызды деп есептейді.

## 3. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТ-МІНДЕТТЕРІ

Барлық жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Талдық НОББМ педагогикалық ұжымы төмендегідей мақсат-міндеттерді қояды:

### Бағдарлама мақсаты:

**Байланысы:** Педагогикалық ұжымның, ата-аналар жұртшылығының, оқушылар, мектептен тыс ұйымдармен тығыз байланыста болуы, қарым-қатынас жасауы; оқушылардың жазғы демалысын дұрыс ұйымдастыру үшін қажетті әдістемелік, ұйымдастыру, ақпараттық қамтылу жағдайын жасау.

### Міндеттері:

- Әлеуметтік тәжірибе жинақтауға баланың араласып, қатыстырылуы, бірге қызмет істеуі, шығармашылық жұмыспен бірге айналасуы;
- жас ерекшеліктері әр түрлі топтармен қарым-қатынас жасау түрлерін дамыту;
- Балалардың демалысын дұрыс ұйымдастыру аясында табиғатты аялауға, қорғауға баулу;
- Шығармашылықпен жұмыс атқаратын балаларды анықтап, қабілетін дамыту, жеке жұмыс жасауға, бірлесіп жұмыс атқаруға баулу;
- Топпен жұмыс жасауға үйрету, балалардың жазғы сауықтыру лагерін басқаруға қатыстырылуы;
- Өмір қауіпсіздігі ережелерін меңгертуге, түрлі аурулардың алдын-алуға, балалар денсаулығын күшейтуге, баланың денсаулығын шынықтыруға байланысты түрлі сауықтыру іс-шараларының жүйесін құру;

- Салауатты өмір сүруге бейімдеу;
- Аз қамтылған отбасы балаларының мектептегі және «Салют» қала сыртындағы лагерлерде демалулары үшін тегін жолдамамен жалпыға бірдей білім беру қорынан қамтылуларына көмек көрсету.

**1. Қарым-қатынасты ізгілендіру принципі:** адамды құрметтеу, сеніммен қарау, табысқа қол жеткізуіне қолқабыс жасау. Бала, ата-ана, лагерь қызметкерлерімен адамгершілікпен байланыс жасай отырып, педагогикалық процестің барлық негізгі құрамдас бөлігі - компоненттерін психологиялық тұрғыдан түсіну.

**2. Бірге жұмыс жасау барысында балалардың жас ерекшеліктері мен атқарылған жұмыстың сәйкес болу принципі:** Ересек адамдардың баламен бірге жұмыс атқаруының тәрбиелік маңызы зор болмақ және қолдау көрсетілген балада шығармашылық пен жұмыс атқарамын деген сенім пайда болады.

**3. Жазғы сауықтыру лагерінде тәрбиелеудің түрлі әдісін, тәсілін, мазмұнын таңдау принципі төмендегі жұмыстардың атқарылуын талап етеді:**

- балалардың жеке психологиялық ерекшеліктеріне қарай оларды тәрбиелеудің түрлі әдісін, тәсілін, мазмұнын табу және жүзеге асыру принципі;
- баланың бір шығармашылық жұмыс түрінен екінші жұмысқа көшу мүмкіндігінің болуы; (1 күнде);
- күн тақырыбына байланысты барлық іс-шаралардың бір бірімен тығыз байланысты болуы, жүйелілігі, мазмұн сәйкестігі;
- барлық атқарылатын іс-шараларға балалардың белсенді түрде қатыстырылуы.

#### **4. ЖАЗ МЕЗГІЛІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ САУЫҚТЫРУ ЖӘНЕ БОС УАҚЫТТАРЫН ДҰРЫС ҰЙЫМДАСТЫРУ ТҮРЛЕРІ**

Дене шынықтыру, спортпен айналысу сияқты сауықтыру шаралары лагерьдің жұмыс мазмұнының әдіс - тәсілінің бір артықшылығы болып табылады. Бұл шаралар баланың дұрыс дамып-жетілуіне, өсуіне, денсаулығының мықты болуына бағытталған: (дұрыс тамақтануы, медициналық көмектің дер кезінде көрсетілуі, таза ауада серуендеуі, сауықтыру, дене шынықтыру, мәдени іс-шаралардың өткізілуі, саяхат жасау, жорыққа шығу, түрлі ойын-сауық құру, қызығушылықтары бойынша бірлестікте жұмыс жасау: үйірме, секция, топ, шығармашылық шеберхана, клуб т.б.) Лагерьге күндіз қатынасатын тәрбиеленушілер мектеп асханасында күніне екі рет тамақтанады (таңғы және түскі ас). Балалардың демалыс лагерінде демалу уақыты сағат 9:00 мен 14:00 аралығы.

Профилді лагерь қызметі салауатты өмір сүруді қалыптастыруда міндетті іс-шаралар жүйесімен толықтырылатын білім, білік, дағдысын шығармашылықтың нақты түрінде практикамен байланыстырып, іске асыруларын қарастырады. Мектеп басшысының бекітілген Ережелеріне сәйкес кәмелетке толмаған топ балаларымен саяхат жасау, т.б. сол сияқты іс-шаралар, өрт қауіпсіздігін сақтау, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігін сақтауға арналған іс-шаралар белгілі тәртіп ретімен атқарылады. Балалардың өсіп-жетілуі, шынығуы, денсаулықтарының мықты болып сауығуы көп жағдайда лагерь жұмысын ұйымдастыратын ересек адамдардың біліміне, іскерлігіне, жұмысқа даярлығына тікелей байланысты. Бұл бағдарламаны іске асыруда бізде тәжірибесі мол, іскер қызметкерлеріміз тәрбиешілер (мұғалімдері), дене тәрбиесі пәні мұғалімі Муфтаков Е, Сақтағанова Ш, Сейтимова Г, мектеп психологы: Арганатова А.

Тәрбиешілеріміз балалардың өмірі мен денсаулықтарына жауап береді, күн тәртібіне, санитарлық-карантиндік нормалардың, техника қауіпсіздігінің сақталуына, сауықтыру-тәрбиелеу жұмысын, балалардың бос уақытын дұрыс, пайдалы, мағыналы ұйымдастыруға жауапты. Сол сияқты өзін өзі басқару ұйымдарының жұмысын, топтар жұмысын талдап, саралау жасайды. Арнаулы кадрлар (педагог-психолог, кітапханашы, дене тәрбиесі пән мұғалімдері, әлеуметтік педагог) қызметтегі міндеттеріне байланысты арнайы педагогикалық жұмыс атқарады, өзін өзі басқару ұйымдарының жұмысын ширатып, тәжірибесімен бөлісіп, қолдау көрсетіп, жұмысты алға жылжытуға, т.б. іс-шараларға қатысулары әбден мүмкін.

Лагерьдегі жаңаша өмірге балалардың тез, қиындықсыз бейімделіп кетуі үшін мына іс-шараларды атқаруымыз қажет:

Балаларды бір бірімен тез таныстырып, олармен бірге ойын-сауық өткізіп, тез танысып, білісіп кетуге жол ашу үшін топпен жұмыс жасау керек;

- Күн тәртібіне, санитарлық нормаларды сақтауға үйретіп, үнемі уақытында орындап отыруға дағдыландырып, бірыңғай педагогикалық талаптар қоюға болады;
- Олар өздерін емін-еркін сезініп, лагерьде бір мезгіл серпіліп, жеңілдеп, тынығып қалатындай жағдай жасау үшін бөлмелерін, жалпы мектепті әдемі безендіріп, әшекейлеп, үнемі көз тартатындай етіп жинақы ұстау керек;
- Балаларды жас ерекшеліктеріне сай шағын топтарға бөліп, оларды «Алғырлар», «Білгірлер», «Мықтылар» деп атауға болады;
- Балаларға қабілетін ашуға, білімін көрсетуге, өз орнын табуғамүмкіндік беріп, осыдан кейін түрлі бағытта топ жұмыстарын бөліп беру керек: (спорттық, интеллекті анықтау, көркем-қолданбалы, шығармашылық жұмыст.б.)
- Жақын болашақта оларды не күтіп тұрғандығы жөнінде болжам жасауға қалыптастыру, жұмыстың бағдарламасымен таныстырып, жұмыс жоспарын даярлауға қатыстыру керек.
- «Талдық НОББМ» КММ оқушыларының жазғы демалыс уақытында сауығып, демалу әдісі мен түрлерін іске асыру:
- Мектеп жанындағы жазғы сауықтыру алаңы (ЖСА) «Жас өркен» (маусым)
- «Жаздық жолдама» қала сыртындағы «Әсемай» сауықтыру лагері (шілде)
- Түрлі бағыттағы жазғы мектептер - (мамыр)
- «Желектендіру» еңбек жасақтары құрамында 22 жасөспірім мектеп ауласын көгалдандыру деп жоспарлануда (жасөспірімдер үшін)

#### **4.1. «Жасөркен» жазғы сауықтыру лагері (32 оқушы, 1-8 сыныптар)**

##### **Мерзімі:**

1 ауысым (01.06.2024 – 14.06.2024) – 32 оқушы, лагерь басшысы – Сейтимова Г

. Лагерьдің жұмыс уақыты: 9:00 – 12:00 аралығы.

**Жұмыс мазмұны:** ұжымдық-шығармашылық жұмыстар, линейка, концерт, викторина, әңгіме-сұхбат, ойын-сауық, саяхат, жорық, акция, блиц-жауаптар т.б. «Жайдарлы жаз», «Біз бақытты баламыз», «Анам, әкем мен шығармашыл отбасы», «Мен патриот», «Бүлдіршіндер үлкен таланттар», «Мир в кадре», «Өлкетану олимпиадасы», «Қызықты қазына», «Қазақ киносы» «Жол қозғалысының ережесін білесің бе?», «Өзін өзі тану турнирі».

Жалпы лагерь мерекелері: «Жайдарлы жаз»; «Таланттар шеруі»; және т.б.

**Спорттық іс-шаралары:** «Велошабандоз», «Черлидинг», «Ең жылдам» т.б.

**Танымдық-сауықтыру мерекелері:** Қоршаған ортаны қорғау күні; Халықтың салт-дәстүрлері күні; денсаулық күні, түрлі фестивалдер.

##### **Лагерьдегі заңдылықтар:**

- Уақытты тиімді пайдалану.
- Үнемділік заңы
- Табиғатты қорғау.
- Бірін бірі құрметтеу.
- Салауатты өмір салтын сақтау.
- Ынтымақтастықта болу.
- Басқа адамның пікірі мен еңбегін құрметтеу.
- Пікір еркіндігі.

##### **Тәрбиеленушілер құқығы:**

- Жеке тұлғаны құрметтеу.
- Ұжымдық және жекелеме шығармашылықпен айналысу.
- Танымдылық-ізденістік жұмыстармен айналысу.
- Айналысатын іс-әрекетін таңдау.
- Ақпараттар алу құқығы.
- Өз бастамасын ұсыну.
- Қателесуге құқылы.

#### **4.2. «Жаздық жолдама» қала сыртындағы лагерде демалу.**

Биылғы оқу жылында аз қамтылған, үздік, көп балалы, дарынды оқушылар арасынан 1 баланы қала сыртындағы «Әсем» лагерінде демалдыру жоспарланып отыр.

Жауапты: әлеуметтік педагог– Сейтимова Г

#### **4.3. «Желектендіру» еңбек жасақтары құрамында 9 оқушы оның ішінде 6-8 сынып оқушылары**

«Желектендіру» мектеп ауласына ағаштарды отырғызу және ағаштарды, гүлдерді суару бойынша 3 және 14 маусым аралығында өтеді. Жауапты мамандар: Сағындықова М, Сақтағанова Ш, Арганатова А. Сейтимова Г.

#### **4.4. Жазғы мектептердің жұмыс мазмұны.**

##### **4.4.1. 1-8 сынып оқушыларының**

Мерзімі: мамыр айы. Қатысатын бала саны - 32

#### **Жазғы мектеп жұмысының мақсаты:**

Мектеп оқушыларының даму және білім алу деңгейін, білім алу дағдысы мен біліктілігін арттыру, оқу процесінің сапасын анықтап, оқушылардың білім білік дағдыларына қажетті бағыт жасап, біліміндегі олқылықтарды жою.

#### **Бағдарлама міндеттері:**

- Тиімді тәсілдер арқылы бір «3»-пен қорытылып отырған және үлгерімі төмен оқушылардың оқу ынтасын арттыру;
- Оқушылардың білім деңгейіне мониторинг жүргізе отырып, түлектерді қорытынды аттестаттауға жүйелі дайындау.

#### **Жазғы мектептердің бағдарламасы төмендегі оқушыларға арналған:**

- 6 жастағы балаларға;
- 1 – 4 сынып оқушыларына;
- 5; 6; 7; 8; 10- сынып оқушыларына.

#### **«Жазғы мектептің» жұмыс жасау тәртібі:**

1-10 сыныптар үшін -1 кезеңнен тұрады (мамыр айының 27-нан маусым айының 31-не дейін);

#### **Кадрмен қамтылу.**

- Жазғы мектептің үйлестірушісі;
- Пән мұғалімдері;

#### **Ұйымдастырудың негізгі түрлері:**

- Таңертеңгі гимнастика (зарядка);
- Арнайы сабақ кестесі бойынша оқу сабақтары;
- Таза ауадағы дене қимыл ойындары;

#### **4.5. Мектеп айналасын көгалдандыру .**

(жауапты: сынып жетекшілер.)

7-8 сынып оқушылары көгалдандыру жұмыстарына қатысады. Бригадаға топтастырылған олар маусымнан бастап өздеріне бекітілген жерлерді абаттандыру жұмысымен айналысады. Еңбек балаларды экологиялық мәдениетін көтеріп, тыңдырымды жұмыс атқаруға дағдыландырып, сонымен қоса оларды ынтымақтастықта жұмыс атқаруға тәрбиелейді.

#### **4.6. Жазда сауығып, демалатын балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік жағдайы:**

- көп балалы отбасылардан бала саны – 13
- аз қамтылған отбасылардан бала саны – 0
- жартылай жетім бала саны – 1
- сәтсіз отбасындағы бала саны – 0
- өгей әке бала саны - 0, өгей ана бала саны - 0
- ерекше білімді қажет ететін балалар – 0

### **5. ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ ЛАГЕРІНДЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ - ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ**

Лагерьге келген бірінші күннен бастап балалар психологиялық-педагогикалық көмек қажет етеді. Бұл үшін мектепте оларға көмек көрсетуге қолайлы жағдай жасалған. Бірге атқарылатын істер, ойын-сауық, саяхат-жорықтар балалардың бір бірін басқа қырынан көруге, танып-білуге көмектеседі. Олардың мінезіндегі ерекшеліктерді көріп, баланың өз бетімен жұмыс жасап, нақты ұнаған ісімен айналысуға жол ашады. Балалардың даралығын, ерекшелігін, жеке басының қасиеттерін танып-білу, әлеуметтік жағдайын білу – баланың лагерьде дұрыс демалып, жақсы сауығуына көмектеседі.

## 6. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ КЕЗЕҢДЕРІ

### I КЕЗЕҢ: ҰЙЫМДАСТЫРУ – ДАЯРЛЫҚ ЖАСАУ КЕЗЕҢІ

(01 маусымнан 14 маусымға дейін)

| №  | Мерзімі    | Атқарылатын іс-шаралар                                                                                                                                                                                 | Жауапты                                        |
|----|------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------|
| 1  | 03.06.24ж  | Лагердің салтанатты ашылуы «Біз бақытты баламыз» мерекелік концерт                                                                                                                                     | Сақтағанова Ш.<br>Сағындықова М<br>Сейтимова Г |
| 2  | 04.06.24ж  | «Анам, әкем мен -шығармашыл отбасы» тақырыбында көрме, білгірлер турнирі<br>«Мен патриот!» әлеуметтік бастамалар байқауы                                                                               | Арганатова А<br>Муфтаков Е                     |
| 3  | 05.06.24ж  | «Бүлдіршіндер- үлкен таланттар» тақырыбында суреттер мен сәнді қолданбалы өнер туындылары, көрме<br>«Мир в кадре:» фото байқау және фото көрме                                                         | Сақтағановат Ш<br>Сағындықова                  |
| 4  | 06.06.24ж  | «Ең жылдам» таза ауада сауықтыру жүгіру байқауы<br>«Велосабандоздар» велосипедпен кедергілер арасынан өту<br>«Черлидинг» фитнес элементтері мен флешмоб                                                | Муфтаков Е                                     |
| 5  | 07.06.24ж  | «Өлкетану олимпиадасы» білгірлер сайысы<br>«Қызықты қазына» квест ойындары<br>«Қазақ киносы» фильмдер көру және талқылау                                                                               | Арганатова А.<br>Сақтағанова Ш                 |
| 6  | 10.06.24ж  | «Жол қозғалысының ережесін білесің бе?» сайыс<br>«Өзін -өзі тану турнирі» дамыту ойындары<br>Балаларға өзін өзі қорғау дағдыларын үйрету және балалардың зорлық-зомбылықтың алдын алу іскерлік ойындар | Арганатова А<br>Муфтаков Е<br>Сейтимова Г      |
| 7  | 11.06.24ж  | «Табиғатты аялайық» суреттер байқауы<br>«Табиғат білгіштері» викторина<br>«Эко жарыс» экологиялық квест                                                                                                | Сақтағанова Ш<br>АрганатоваА                   |
| 8  | 12.06.24ж  | «tiktok Life» ойыншық сыйла досына кадры<br>«Жақсылық жолында» мектеп жанындағы гүлдерді суару                                                                                                         | Сағындықова М<br>Арганатова А                  |
| 9  | 13.06.24ж. | «Ғажайып жаз» флешмоб, бейнероликтер<br>Полиглот конкурсы, ойындар калейдоскобы<br>Карнавалдық шеру ұйымдастыру                                                                                        | Сақтағанова Ш<br>Арганатова А<br>Сағындықова М |
| 10 | 14.06.24ж. | «Сазды сәлем» музыкалық байқау<br>«Кітап бағы» кітап алмасу және оқылған шығармаларды талқылау<br>Лагердің жабылуы, марапаттау                                                                         | Сақтағанова Ш<br>Сағындықова М<br>Сейтимова Г  |

### **Жазғы сауықтыру алаңының күн тәртібі**

**08.30–08.45- Балаларды қарсы алу**

**08.45-09.00- Таңғы сап түзу**

**09.20-09.30- Денсаулық минуты**

**09.30-10.00- «Біл! Үйрен! Көрсет!»**

**10.00 – 11.00 – Ойын блогы: мәдени ойын сауық және білім дамыту шаралары(саяхаттар, шығармашылық жұмыстар, сайыстар, танымдылық ойындар, шығармашылық мерекелерге дайындық, мерекелер)**

**11.00 – 11.30-Сауықтыру блогы**

**11.30-12.00-Келесі күнге ұйымдастыру сұрақтары**

### **7.КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР**

**«Талдық НОББМ» КММ « Жас өркен - 2024» бағдарламасын іске асыруды көздейді:**

- Сапалы және дәмді тамақтану, күн тәртібін орындау, мектеп және кәсіби лагерьдегі спорттық іс-шаралары балалардың демалып, сауығуларына жасалған қолайлы жағдай.;
- Лагерьде атқарылатын түрлі жұмыстар балаларды Отансүйгіштікке тәрбиелейді, түрлі ұлт өкілдерінің салт-дәстүр, мәдениетін, тарихын құрметтеуге үйретеді, оқушылардың ой-өрісін жетілдіреді.
- Барлық балалар бірге топпен мектеп айналасын көгалдандыру жұмысына қатысулары оларды еңбекке баулып, бір бірімен дұрыс қарым-қатынаста болуына, байланыс жасауға оң ықпал етеді. «Қауіпті топ» балаларының жазғы демалысын дұрыс, пайдалы өткізуде мектептің полиция бөлімінің тобымен бірлесіп отырып атқаратын жұмысы бұл балалардың құқық бұзушылықты болдырмауына, бос жүрмеулеріне көмектеседі.